

УДК 811.512.122

## ШЕШЕНДІК ӨНЕР-ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Қайыпбаева А. – ф.ғ.к., тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Бұл мақалада қазақ халқының шешендік өнері туралы айтылады. Шешендік өнер халық даналығынан туған асыл қазына. Шешендік өнерге ерте заманнан бері мән берілген. Ежелгі Грек, Рим елдерінде шешендік өнер «риторика» деген атпен пән ретінде оқытылған.

1748 жылы Мәскеуде В.Ломоносовтың «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі жарық көрді. Осы еңбек шешендік өнердің Ресейде дамуына негіз болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз биден басталады. XII-XIII XIV-XV ғасырларда шешендік өнерге үлес қосқандар – Жиренше, Асанқайғы. XV-XVIII ғасырларда Шалғиіз, Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қазыбек, Әйтекелер шешендік өнерді әрі қарай дамытты. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ халықтарына қарсы күрес жылдары еді. Қазақтың шешендік сөздерін жинап, жариялағандардың бірі-Ыбырай Алтынсарин. Шешендік сөздердің балалар тәрбиесіне аса қажет екенін білген Ыбырай Алтынсарин өз еңбектеріне орынды пайдаланды.

Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеген ғалым-лингвист Ахмет Байтұрсынов шешендік өнер туралы құнды пікірлер айтты. А.Байтұрсынов шешен сөз, көсем сөз, дарынды сөз деп үш топқа бөледі. Және қолданыс орнына қарай: саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөзі деп, іштей беске бөліп, әрқайсысына жаңадан анықтама береді.

Шешендік өнер—ежелгі Грекия мен Рим заманынан басталғаны баршаға аян. Атап айтқанда, Грек шешендік өнерінің әсері арқасында Римде бұл өнер дами бастады. Біздің дәуірімізге дейінгі 3-ші ғасыр Рим мен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталды. Яғни, эллиндік дәуір әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуынан туды десек қателеспейміз.

Бұл мақалада ойды жүйелеп тыңдаушыға жеткізе білуге тәбиелеуде шешендік өнердің рөлі үлкен екені ескеріледі.

Негізгі сөздер: Өнер, шешен сөз, мұра, зерттеу, лингвист, мағына, тәрбие.

## РИТОРИКА-НАРОДНОЕ НАСЛЕДИЕ

Қайыпбаева А. – ф.ғ.к., тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Эта статья описывает ораторское искусство казахского народа. Ораторское искусство драгоценное сокровище рожденный от мудрости народа. С древних времен ораторскому искусству дано много значения. В Древней Греции, Риме ораторское искусство изучался как предмет под названием «риторика». 1748 году в Москве был опубликован труд В.Ломоносова «Краткое руководство к риторике». Его труд стал основой развития в России ораторского искусство.

История красноречивости казахов начинается с Майқы би и Аяз би. XII-XIII веках свой вклад в ораторское искусство внесли – Жиренше, Асанқайғы. XV-XVIII веках ораторское искусство развивали Шалғиіз, Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат, Мурат, Төле, Казыбек, Айтеке. Это было время войны казахского народа против жунгаров и калмаков. Одним из собирателей ораторских слов и опубликовавших их является Ибрай Алтынсарин. Зная, что ораторские слова необходимо для воспитание детей Ибрай Алтынсарин использовал в своих трудах.

Ученый-лингвист А.Байтұрсынов высказал ценные мысли об ораторском искусстве.

А.Байтұрсынов разделил на три группы: риторика, публицистика, одаренное слово. И при применении слов разделил на пять частей: связанный с политикой, выступление на суде, комплимент, слова ученых на тему науки, религиозные слова и каждому дал определение.

Всем известно, что ораторское искусство берет начало с эпохи Древней Греции и Рима. В частности, благодаря влиянию греческого ораторского искусства в Риме начали разрабатывать это искусство. 3- век до нашей эры в Греции и Риме называют эллиновой эпохой. То есть, эллиновая эпоха родилась от перемены литературно-культурных ценностей.

В этой статье учитывается то, что довести слушателю обоснованный мысль большую роль играет ораторское искусство.

Ключевые слова: Искусство, риторика, наследие, изучение, лингвист, значение, воспитание.

## RHETORIC - NATIONAL HERITAGE

*Kajypbaeva A. – associate professor of theory of language and literature, candidate of philology sciences, Kostanay State University named after A.Baitursynov*

*This article about Kazakh people. Kazakh art values since ancient times. Ancient Greek, Roman oratory in the "rhetoric" as a subject as trained.*

*V.Lomonosov's "eloquence Quick Start Guide" see the lights in Moscow in 1748. This work was the basis for the development of public art in Russia.*

*Maiky bi and Ayaz bi are the main persons of Kazakh art./ 12-13 age / 14-15 centuries contribution to the art of public speaking -Jireñse Asanqayǵı. 15-18 centuries Şalǵıız Bukharzhyrau, Shortanbay, Dulat, Murat, Kazbek, Äytekeler developed the public speaking. This was in the fight against the peoples of the will of the Kazakh Jungar. Kazakh speaking the words of one of the public, knew the importance of the education of the children of Ibrahim Altınсарın. These words Ibrahim Altynsarın used in the work place.*

*Folklore heritage of scientists and linguists oratory A.Baitursynov said valuable comments. A.Baitursynov is the speaker, the leader of the word, talented. And into three groups: the policy, the court applauded the speech, the word of scientific topics religious preaching the word of the internally divided into five, each of the new definition.*

*Ancient orators know the beginning of the Greek and Roman times. In particular, thanks to the influence of Greek art of public speaking is an art in Rome bastadı. Our developed in the 3rd century BC Roman and Greek Hellenistic era ataldı. Yaǵni Hellenistic era can say there was interaction of literary and cultural values.*

*In this article, learn to systematize the listener the sense that it is the role of the oratory taken into account.*

*Keywords: Arts, speaker, heritage, language, values, education.*

Зайырлы қоғамда дұрыс сөйлеу әрекеті – адамның қоғамдағы табысының критерийі. Шешендік зайырлық қоғамның әлеуметтік және экономикалық өсуінің кілті. Қоғамдық сауығуда адамның білімі, денсаулығы, көңіл-күйі еңбектегі табысы үлкен рөл атқаратын болса, осындай қоғамдық ахуалды қалыптастыратын да мәдениетке негізделген тілдік қарым-қатынас. Тілдік қарым-қатынаста кісінің білімі, өзін-өзі ұстау мәдениеті, тыңдау және сөйлеу мәдениеті шешуші рөл атқаратын болса, осындай мәдениетті қалыптастыратын да шешендік өнер.

Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Түрлі тарихи кезеңдерде шешендік қоғамға қызмет етті. Шешендік өнердің тарихына көз жіберсек, шешендік әсіресе, тәуелсіздік жолындағы күресте белсенді қызмет атқарды. Сондықтан да, әйгілі шешендердің тайпа көсемдері, ханға кеңесші билер, қол бастаған батырлар болуы тегін емес еді. Біз білетін шешендердің әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау-философ болуы да осы ұлы мұраттан туындағаны белгілі. Кейін қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты, идеология да өзгерді: бұрынғыдай халық жиналыстарында саяси-әлеуметтік тақырыптарда пікірталасы немесе үгіт-насихат сөздері кеңінен жүзеге аспады, қоғам мүшелерінің саяси белсенділігі төмендеді.

Енді шешендер мен шешендік сөздердің, шаршы топтың сипаты өзгерді: шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркем сөз иелері-ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тыңдаушы топ білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көпшілік.

Кейінгі қоғамда шешендік өнердің көрінетін орындары-жоғарыдағы тақырыптарға арналған жиналыс, конференция, симпозиум, семинар, диспут, дебаттар еді. Шешендік сөздің сипатына қарай, яғни, нені айту, қайда айту, қалай айту талаптарына орай, шешендік өнер тл мәдениетін көтеретін шарттардың бастысына айналды. Шешендік сөз енді өлең түрімен емес, таза қара сөзбен айтылатын болды.

Шешендік өнердің ерекшеліктеріне тоқталсақ, логикалық ойдың жүйелілігімен, мағыналы-мәнділігімен ерекшеленеді. Шешендердің сөзін тыңдағанда әсем сазды ән тыңдағандай ерекше әсер, сезімге бөленеміз. Ол адамның жастайынан дұрыс ойлай білуіне, ойлаған ойды жүйелеп, әдеби тілде тыңдаушының көкейіне жеткізе білуіне байланысты. Дұрыс ойлап, сол ойды тыңдаушыға дұрыс жеткізе білу үшін оқыған шығармаларды, естіген ертең-әңгімелерді жүйелеп айтып бере білуге төселу керек. Ол білім алушылардың жастайынан ертең-әңгіме кітаптарды көп оқуына, ойынан ертең құрастыра білуіне, оқығандарын үлкендерге жүйелеп айтып, бере біліп, төселуіне байланысты. Сөйлемнің құлаққа жағымды болуы, дыбыстардың және сөздердің ұйқасымдылығына байланысты. Сөйлемді дұрыс айта білудің де тыңдаушыға әсері мол.

Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғаннан бастап, шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін, санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін қоса алып келді. Тәуелсіздік өмірдің барлық саласында сөйлеу еркіндігін қамтамасыз етті. Әртүрлі саяси көзқарастағы топтар қалыптасты. Дін тақырыбында шешіліп сөйлеуге мүмкіндік туды.

Еліміздің конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылдануына байланысты сот істері қазақ тілінде жүргізіліп жүр. Республикалық телеарналар мен радиохабарлардың біразы қазақ тілінде жүргізіле бастады. Қазақ баспасөз басылымдарының тілі өткірлене түсті. Осының бәрі қазақ тілінде шешен сөйлеу талабын күшейте түсері сөзсіз.

Көне Римнің әйгілі шешені және теоретигі М.Т. Цицерон «адам ақын болып туады, шешен болып шығады» дейді. Яғни, ақындыққа туа біткен талант керек десе, шешендік көп оқып, көп ізденіп, көп сөйлеп жаттығып, күш-қуат жұмсау қажет дегенді айтады.

Шешендік өнер әлеуметтік орны бар қомақты үлкен жанр.

Қазақтың атақты билері Майқы Шыңғыс ханның, Едіге Тоқтамыс ханның, Асанқайғы Алтын Орда ханы Ұлық Мұхамедтің, Жиёмбет Есім ханның, Өнет баба өз Тәукенің, Бұқар Абылай ханның ақылшы-кеңесші билері болған. Феодалдық заң бойынша ел билеу, билік айту хандардың құзырында болғандықтан, ел ішіндегі дау-шараларды хандар өзінің ақылшы-кеңесші билеріне шешкізіп отырған. [1, 93]

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді "риторика" деген атпен жеке пән ретінде оқыған. "Риторика" ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В. Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан "Шешендікке қысқаша басшылық" атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды. Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жирен-ше шешен, Асанқайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалғиіз, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жал-ғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биік-теген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді. Шешендік сөздердің алғашқы үлгі-лерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ер-тегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандар-дан ұшыратамыз [1,77]

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектерінде пайдалана білді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А. Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешен сөз, көсемсөз,

дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына тың анықтамалар берген. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: "Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді", "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ", "Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді", "Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды", – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған.

Шешеннің құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген. Сөз туралы Бөлірік шешен: "Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл", – деп толғайды. Бұлар – "Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі". Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет. [2,63]

Шешендік сөз немесе шешендік өнер - ежелгі Грекия мен Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Грек шешендік өнерінің игі әсері арқасында көне Римде де бұл өнер дами бастады. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр Рим мен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталып, әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуымен сипатталды. Бұл сипат шешендік өнерге де тікелей қатысты. Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әрқайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жандүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебіренеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады. Шешен (жезтаңдай, ділмар, айыркөмей, орақ ауыз, от тілді, сөзуар, тапқыр) - тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шебері.

Шешендік сөздер ағып тұрған поэзия, тұнып тұрған философия. Ақ өлеңмен өрілген сөз тұнығы: сырлы теңеу, астарлы сын, жинақы ой, жұмбақты меңзеу, қисынды толғам, тылсымды талай. Бәрі тіл құдіретінің, пікір түйінділігінің, таңғажайып ой толғағының әмбебап туындысы. [3,122]

Шешендік сөздер тыңдаушының эстетикалық сезімін оятып қана қоймайды, сөздің мағынасын күшейтіп нәр беріп, тәлімдік және білімдік қызмет те атқарады. Онда айтылмақ ой ұйқасым-

ды афоризм сөздерге, терме тақпаққа, мақал-мәтелге құрылып, аз сөзге көп мағына сыйғызу көзделеді. Айтылған ойлар тыңдаушының санасын өсіріп, ақыл-ойын жетілдіруді, елін-жерін сүюді, ел қорғаған ерлерін қадірлеуді, батырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуді мақсат етеді. Ақын-жыраулар мен би-шешендердің шешендік сөздерінен заң орнының қызметкерлері әділет заңын мәңгілік қоғамдық дәстүрге айналдырса нұр үстіне нұр болар еді.

Жастар тәрбиесімен айналысушы оқытушы-ұстаздар, ата-аналар бабалар өсиетін келешек ұрпақтың жүрегіне берік ұялататындай із қалуы керек. Шешендік сөздер арқылы болашақ жастарымыздың бойына адамгершілік құндылықтарды дарыта білу ата-ана, ұстаздар тәрбиесінің басты жемісі. Қазіргі таңда жас ұрпаққа адамгершілік пен рухани тұрғыдан тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Шешендік сөздер арқылы ұрпақ бойында имандылық қасиеттер берік орнауы қажет.

Ұлттық тағылымдар аяқ асты болмауы керек.

Талай ғасырдан өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халықтың рухани байлығына айналып отырған шешендік өнер бүгінгі күннің де қажеттілігіне айналып отыр. Елін елдікке ұйытуда, халық тарихын байыппен саралап, түп-тамырынан ада бола жаздаған бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздің берері аз емес. Ғасырлар бойы жинақталып, сұрыптала сүзілген шешендік сөз нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйрену бүгінгі ұрпаққа сын.

Тіліміздегі поэтикалық мүмкіншілігі мол жекелеген сөздер мен сөз тіркестеріне, фразео-

логиялық сөз тіркестеріне қосымша мән үстеп, ой иірімдеріне түсіріп, айрықша қабілет, бейне жасау шеберлігі ертедегі шешендерден қалып-тасқан.

Ана тілімізді терең меңгеріп, оның астарлы сырларына үңіліп, шешендік өнерден тәлім аламын деген оқушы қазіргі шешендер сөзімен қоса, шешендік толғаулар мен билер сөзінің көркемдігіне назар аударғаны жөн.

Қазақтың бір мақалында «Үйде шешен, дауға жоқ, үйде батыр, жауға жоқ» деп, шешендік өнерін өмірімен ұштастыра алмағандарды сынау және қайрау мағынасында береді.

Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрлі шешендігі көп көріп-білуді, білгенді көкейге берік тоқуды, айтыс-тартыстарға түсіп, жалықпай жаттығуды тілейтін өнер ретінде қалыптасқан.

Өмір құбылыстарына байламды шешендік сөздер орны-орнына қойылса шебер шешендігіледі. Сырланып, әрленіп, татымы нәрленсе ойды шалқытып, сезімді тербеп адам көңілін ұйытады.

#### Әдебиет:

1. Сыздықова Р. Шешендік өнер. Алматы, 1987ж
2. Негимов С. Шешендік өнер. Алматы, 1997ж
3. Аль-Фараби. Риторика. Алматы, 1975 ж.

#### References:

1. Syzdykova R. Sheshendyk oner. Almaty, 1987zh.
2. Negimov S. Sheshendyk oner. Almaty, 1997zh.
3. Al-Faraby. Ritorika. Almaty, 1975zh.

### **Сведения об авторе**

*Қайыпбаева А. – доцент кафедры теории языка и литературы, кандидат филологических наук, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова, г.Костанай, 5 мкр, 16 дом, 5 кв, тел: 87059623848, e-mail: [KaypAigamal@mail.ru](mailto:KaypAigamal@mail.ru).*

*Қайыпбаева А. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к., Қостанай қаласы, 5 шағынауданы, 16 үй, 5 пәтер, тел:87059623848, e-mail: [KaypAigamal@mail.ru](mailto:KaypAigamal@mail.ru).*

*Kaypbaeva A. – associate professor of theory of language and literature, candidate of philology sciences, Kostanay State University named after A.Baitursynov, Kostanay, 5 microdistrict 16/5, phone 87059623848, e-mail: [KaypAigamal@mail.ru](mailto:KaypAigamal@mail.ru).*